

ДӘРІС 3. ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫ. ШОЛУ ДӘРІСІ

- Қайта Өрлеу философиясы
- Жаңа заман философиясы
- Неміс классикалық философия

Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы

Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы қалыптасуының алғышарттары, сипаты, негізгі бағыттары

1. Гуманизм
2. Неоплатонизм
3. Натурфилософия
4. Саяси - әлеуметтік бағыттар
5. Мистицизм

— «Қайта Өрлеу» атауы - адам тәні мен жанынын сұлулығы жоғары бағаланған, дін үстемдігі болмаған антикалық рухани қазынананы қайта өрлету мақсатынан туды.

ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ:

- қалалардың күшейіп, Шіркеуге тәуелсіз, сауда - кәсіпкерлік, әскери, мәдени саяси орталықтарға айналуы;
- зайырлы биліктің күшеюі,
- Европа мемлекеттерінің іріленуі, орталықтануы:
- алғашқы парламенттердің пайда болуы;
- ұлы географиялық жаңалықтар (Колумб, Васко да Гама, Магеллан);
- бүкіл Европада білім деңгейінің жоғарылауы;
- шіркеу мен схоластиканың (шіркеу философиясын) дағдарысы, өмірден артта қалуы;
- ғылыми-техникалық жаңалықтар (отты қарудың, порохтың жасалуы, станоктардың, домна пештердің, микроскоптың, т.б.).

ҚАЙТА ӨРЛЕУ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

1. гуманистік
2. неоплатондық
3. натурфилософиялық
4. реформациялық
5. саяси
6. утопиялық

Гуманизм

Гуманизм - философиялық бағыт ретінде Европада XIV-XV ғасырлар арасында кең тарады. Гуманистік бағыттың белгілері:

1. антишіркеулік, антисхоластикалық бағыттылық;
2. Құдай күдіретін төмендетіп, адамның өзіндік құндылығын дәлелдеуге ұмтылыс;
3. антропоцентризм –адамға, оның күшіне, ұлылығына, мүмкіндіктеріне сенім мен ықылас, назар;
4. өмірге күлшыныс пен оптимизм.

Гуманистік философия әдеби жанрмен астасып, көркем және астарлы сөзбен баяндалды. Белгілі философ-гуманистер әйгілі жазушы да болды.

Данте Алигьери (1265-1321) - «Құдіретті комедия» авторы (жақсы аяқталатын әдеби шығармалардың бәрі комедия деп аталатын болғандықтан Данте Алигьери өз шығармасын «Комедия» деп қана атаған болатын).

НЕОПЛАТОНИЗМ

Платон ілімін жүйелеп, оның ішкі қайшылықтарын жойып, ары қарай дамытуды көздеген философиядағы идеалистік бағыт. XV ғасырда, Қайта Өрлеу дәуірінде неоплатонизм ерекше көркейді. Қайта Өрлеу дәуіріндегі неоплатонизмнің көрнекті өкілдері **Николай Кузанский** мен **Пико делла Мирандола** болды.

Неоплатонизм өкілдері:

1. әбден қалыптасып, жүйеленген схоластикалық философияға жаңа, Платон іліміне негізделген философиялық жүйені қарсы қойды;
2. Құдай рөлі азайтылып, дүниеге дейінгі бастапқы идеялардың мәні үлкейтіліп көрсетілетін дүниенің жаңа картинасы ұсынылды;
3. адам болмысының, құдіреттілігін мойындады және адамды дербес микрокосмос ретінде қарастырды;
4. барлық философиялық бағыттарды қамтып, бәрін біріктіретін жаңа, әлемдік, біртұтас философиялық жүйе жасауға шақырды.

Натурфилософиялық ілімдер

**Еуропадағы Кейінгі қайта өрлеу кезеңінде
(XVI-XVII) натурфилософиялық идеялар
кең таралды.**

Натурфилософия өкілдері:

- ~~1. Дүниеге материалистік көзқарасты негіздеді.~~
2. философияны теологиядан ажыратуға талпынды
3. теологиядан азат, ғылыми дүниетаным қалыптастырды
4. Жер - Әлемнің орталығы болып табылмайтын, Құдай, Табиғат, Космос бірігіп кететін дүниенің жаңа картинасын ұсынды.
5. дүние танылады және Құдіретті тану арқылы емес, сезімдік таным мен ақыл арқылы танылады деп сенді.

ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ
НАТУРФИЛОСОФИЯЛЫҚ
БАҒЫТЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛДЕРІ:

Леонардо да Винчи

Николай Коперник

Джордано Бруно


Галилео Галилей

Медицинадағы Галеннің (жануарларды зерттей отырып адам физиологиясын сипаттаған ежелгі рим дәрігері) заманында (130-200) қалыптасып, мың жылдан аса үстемдік еткен көзқарасты жоққа шығарды.

Андреас Везалий сансыз анатомиялық тәжірибелерге сүйене отырып өзінің атақты «Адам денесінің құрылысы туралы» кітабын жариялады. Және ол сипаттаған адам анатомиясы Гален баяндайтын адам анатомиясымен салыстырғанда әлдеқайда шындыққа жақын.

Николай Коперник (1473-1543)

Астрономиялық
зерттеулерге
сүйене отырып
өзгеше болмыс
картинасын
ұсынды.



Коперник астрономиялық зерттеулерге сүйене отырып өзгеше болмыс картинасын ұсынды:

1. геоцентризмді терістеді: Жер - Әлемнің орталығы емес;

2. (геоцентризмді гелиоцентризммен алмастырды) Жер үшін Күн - орталық болып табылады, Жер-Күнді айналады;

3. барлық космос денелері өз траекториясы бойынша қозғалады;

4. космос — шексіз;

5. космоста болып жатқан процестерді табиғи тұрғыдан түсіндіруге болады және ол құбылыстардың астарында ешқандай «күдіретті» мән-мағына жоқ.

Джордано Бруно (1548-1600)

Коперниктің философиялық идеяларын дамытты және тереңдетті. Дж. Бруно идеялары католик Шіркеуінің догмаларына қайшы келгендіктен 1600 жылы, түрмедегі 8 жылдық қамаудан кейін ғалым отқа өртелді.




Бруно:

1. Күн-Жер үшін орталық, бірақ Әлемнің орталығы емес;
2. Әлем шексіз, оның орталығы жоқ;
3. Әлем галактикалардан (жұлдыздар шоғырларынан) тұрады;
4. жұлдыздар —күнге ұқсас және әрқайсысының өз планеталық жүйесі бар аспан денелері;
5. Әлемдегі дүниелер саны шексіз;
6. барлық аспан денелері - планеталар, жұлдыздар және олардағы нәрселердің бәрі қозғалысқа ие;
7. Әлемнен басқа Құдай жоқ, Әлем және Құдай - біртұтас.

Галилео Галилей (1564-1642жж.)

Николай Коперник пен Джордано Бруно ойларының дұрыстығын іс жүзінде дәлелдеді:



ГАЛИЛЕО ГАЛИЛЕЙ

- телескопты жасады;
- - телескоп арқылы аспан денелерін бақылап, зерттеді;
- - аспан денелері траектория бойынша қозғалумен қатар өз осімен айналатынын дәлелдеді;
- - Күндегі қара дақтарды, Айдағы ландшафттарды (таулар мен шөлдерді - «теңіздерді») анықтады;
- - Жерден басқа планеталардың да серіктерін ашты;
- - денелердің жерге құлау динамикасын зерттеді;
- - Әлемдегі дүниелердің көптігін дәлелдеді.
- - Галилео Галилей ғылыми зерттеу әдісін тұжырымдады. Әдістің мәні:
- **1. бақылау;**
- **2. гипотеза жасау;**
- **3. гипотезаның практикада іске асуының есептелінуі;**
- **4. ұсынылған гипотезаның практика жүзінде эксперименталды (тәжірибелік)**
- **тексеруден өтуі.**

ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАЦИЯ ФИЛОСОФИЯСЫ 2 АҒЫМҒА ЖІКТЕЛЕДІ:

1. Бюргерлік - евангелиелік. Бұл бағыттың көшбасшылары (лидерлері):

М. Лютер

У. Цвингли,

Ж. Кальвин болды.

**2. Халықтық Реформация - Т. Мюнцер,
анабаптистер,**

дигерлер, т.б. қозғалыстарында
көрініс тапты.

Реформацияның негізін қалаған **Мартин Лютер** (1483-1546) болды. 1517 жылдың 31 қазанында (октябрь) М. Лютер Германиядағы Виттенберг шіркеуінің есігіне индульгенцияға қарсы өзі шығарған 95 тезисті апарып қақты. Оның бұл әрекеті католицизмге қарсы идеологиялық күрестің (ал кейбір елдерде қарулы күрестің) бастамасы болды.



Томмазо Кампанелла
1568 — 1639

Томмазо Кампанелла (1568-1639) “Күн қаласы» Томас Мор(1614-1687) “Утопия”

Утопия (гректің — «еш жерде жоқ мекен») — идеалды мемлекет орналасқан аралда:

1. жеке меншік жоқ;
2. өндірістік еңбекке барлық азаматтар қатысады;
3. еңбек — жалпы еңбек міндеті негізінде іске асады;
4. өндірілген азық (еңбек жемісі) қоғамдық меншікке айналады (қоғамдық қоймаларға өткізіледі), Утопия тұрғындарына тең бөлініп таратылады;
5. барлық азаматтар еңбекпен айналысатындықтан, Утопияны қамтамасыз етуге қысқа - 6 сағаттық жұмыс күні жеткілікті;
6. ғылымға ерекше қабілет танытқандар еңбек әрекетінен босатылады;
7. нағыз ауыр, қара жұмыстарды құлдар - әскери тұтқындар мен жазаға бұйырылған қылмыскерлер орындайды;
8. туысқандық семья емес, еңбек семьясы (еңбек коллективі)- қоғамның алғашқы ұясы деп саналады;
9. барлық қызметтер сайланбалы (тікелей немесе қосалқы);
10. ерлер мен әйелдер тең құқылы (міндеттері де бірдей);
11. тұрғындар Құдайға сенеді, мемлекете діни төзімділік қалыптасқан.



Гуго Гроций философиясы

Г.Гроций (1583-1645) - Голландияның саяси-элеуметтік және философиясының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, философ, заңгер. Ойшылдың философиялық зерттеулерінің басты салалары:

1. гносеология (таным);
2. мемлекет және құқық;
3. соғыс және бейбітшілік мәселесі;
4. халықаралық қатынастар.



Гроций табиғи құқық теориясының негізін қалады.

Бұл теорияның басты идеялары:

1. құқық Құдайдан келген жоқ;
2. құқық бастапқыдан адамға тән, тиесілі;
3. құқық атаулыны екі үлкен бөлімге топтауға болады: табиғи құқық және жазылған (позитивті) құқық;
4. табиғи құқық - адамға табиғатынан берілетін құқық (өмір сүруге құқық, тұлғалық құқық, бостандық құқығы, т.б.) - жазылған-жазылмағанына қарамай, барлық түрі бұлжымай сақталынуы тиіс;
5. жазылған (позитивті) құқық - адамдар өздері шығаратын және арнайы деректерде жазылатын тәртіп нормалары;
6. ресми (жазылған, позитивті) құқық табиғи құқыққа сүйенуі және оған қайшы келмеуі тиіс.

Жаңа Заман философиясы



Рационализм (лат.gatio - «разум») - болмыс пен танымның негізі ақыл-ой деп сенетін философиялық бағыт.

Рационализм 3 түрге жіктеледі:

1. *онтологиялық*

2. *гносеологиялық*

3. *этикалық рационализм*

Рационализм 3 түрге жіктеледі:

1. *онтологиялық* рационализм бойынша болмыс негізінде ақылды бастама жатыр, яғни болмыс о бастан ақылды.

2. *гносеологиялық* рационализм бойынша «дүниені танып білетін бірден-бір құрал — адам ақыл-ойы» деген тұжырымда.

3. *этикалық* рационализм бойынша моральдық - этикалық нормалар мен тәртіп негізінде ақыл-ой жатыр.

Эмпиризм - таным негізінде тек сезім мен тәжірибе жатыр деген пікірді жақтайтын философиялық бағыт. XVII ғасырдағы Англияда, одан кейінгі кезеңде АҚШ-та кең тарады.

Негізін қалаушы - Фр.Бэкон.
Көрнекті өкілдері Т.Гоббс, Дж.Локк,
Дж.Дьюи.

Декарт философиясы

Рационализмнің негізін қалаушы - француз философы, ғалым-математик **Рене Декарт** (1596-1650) деп саналады.

Декарттың философиядағы үлесі мынадай:

1. дүниені танудағы ақыл-ойдың рөлін негіздеді;
2. субстанция, оның атрибуттары мен модустары туралы ілімді ұсынды;
3. философиядағы материализм мен идеализм бағыттарын келісімге келтіруге тырысып, дуализм теориясын негіздеді;
4. танымның ғылыми әдісі және «туа біткен» идеялар теориясын ұсынды.



Болмыс пен таным негізінде ақыл-ой жатқанын Декарт былай дәлелдеді:

1. дүниеде адамға түсініксіз заттар мен құбылыстар көп (мысалы: Құдай деген бар ма? Оның қажеті қандай? Әлемнің шеті-шегі бар ма? т.б.);
2. есесіне кез-келген құбылыс пен затқа күмәндануға болады (дүние шынымен тіршілік ете ме? Күн шығып тұрғаны рас па? т.б.);
3. түсініксіз, анық емес заттармен, құбылыстармен салыстырғанда күмәндану нақты қасиет, шын процесс және дәлелді қажет етпейді;
4. күмәндану - ойдың қасиеті, демек, күмәндана отырып адам ойлайды;
5. шын тіршілік ететін адам ғана ойлай алады;
6. ойлау - ақылдың жұмысы болғандықтан, болмыс пен тану негізінде ақыл ғана жата алады.

Осыған байланысты Декарт: «Мен ойлаймын (күмәнданамын), демек, мен тіршілік етемін» афоризмінің авторына айналды.

Өз ізденістері нәтижесінде Декарт субстанция ұғымын тұжырымдады.

Субстанция - өз тіршілігі үшін өзінен басқаны қажетсінбейтіннің бәрі. Ондай қасиетке (өз тіршілігі үшін басқаны қажетсінбеу) тек субстанция ғана ие және ондай субстанция Құдай ғана бола алады. Құдай мәңгі, құдіретті, жойылмайды және барлық нәрсенің себебі мен өзегі.

Жаратылған субстанцияларды Декарт екі текке жіктейді:

1. материалды (заттар),
2. рухани (идеялар).

Сонымен қоса олардың әрқайсысының тек өздеріне ғана тиесілі қасиеттері (атрибуттары) болатынын атап көрсетеді:
дәйектілік - материалды заттардікі, ойлау- рухани идеялардікі.

Материалды және рухани субстанциялардың басты қасиеттерінен (атрибуттарынан) тарайтын басқа да қасиеттері **модустар** деп аталады. Мысалы, дәйектіліктің модустары — форма, қозғалыс, кеңістіктегі жағдай, т.б.; ойлаудың модустары — сезімдер, тілектер, түйсіктер, т.б.

Адам, Декарт пікірінше, екі — материалды (тәндік-дәйекті) және рухани (ойлаушы) субстанциялардан құралған.

Адам - өз бойына екі бірдей субстанцияны (әрі материалды, әрі рухани) қатар біріктіретін тіршілік иесі, сондықтан ол табиғаттан жоғары көтеріле алады.

Шын тіршілік ететін жалғыз, мәңгі,
Қүдіретті, ешкім жаратпаған, ешқашан
жойылмайтын, барлық нәрсенің себебі-
Жоғары субстанция (Құдай)

Көптеген субстанциялардан тұратын,
жаратылған дүние

Шексіз бөлінетін

Бөлінбейтін

Материалды

Рухани

Дәйектілік

Атрибуттары (өзіне ғана тән
қасиеттері бар)

Ойлау

Сонымен қоса атрибуттардан
тарайтын модустары бар

Модустары

Ф	Қ	Ж	Т
о	о	а	•
р	з	ғ	б
м	ғ	д	•
а	а	а	•
	л	й	
	ы		
	с		

Модустары

С	Т	Т	Т
е	і	ү	•
з	л	й	б
і	е	с	•
м	к	і	
д	т	к	
е	е	т	
р	р	е	

адам

Материалды субстанция + Рухани субстанция

Қос субстанция

Р.Декарт «философияның негізгі сұрағын» да дуализм тұрғысынан шешеді: «Не бірінші: материя ма, әлде, сана ма? таласы мағынасыз. Материя мен сана тек адам бойында бірігетіндіктен, адам табиғаты дуалистік болғандықтан (өз бойында екі материалды және рухани - субстанцияны біріктіретіндіктен), материя да, сана да бірінші бола алмайды - олар әрқашан болған және тұтас болмыстың екі түрлі көрінісі». Таным мәселесін зерттеуде Р. Декарт ғылыми әдіске ерекше мән береді.

Декарт туа біткен идеялар теориясын ұсынды: таным және дедукция арқылы алынатын білімдермен қатар, ешбір дәлелді қажет етпейтін ерекше, туа біткен идеялар болады. Ол ақиқаттар (аксиомалар) о бастан айқын және шын, олар Құдай ақылы мен адам ақылында әрдайым болған және болатын, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын білімдер.

Ол білімдер екі түрде беріледі:

- 1) ұғымдар**
- 2) пікірлер**

**Туа біткен
ұғымдарға
жататындар:**
«Құдай» (бар);
«сан» (бар);
«ерік»;
«тән»;
«жан»;
«құрылым», т.б.

**Туа біткен
пікірлер:**
«бүтін өз
бөлшектерінен
үлкен»;
«жоқтан ештеңе
пайда болмайды»;
«бір мезгілде болу
және болмау
мүмкін емес», т.б.

Декарт практикалық танымды жақтады:

Декарт ойынша таным мақсаттары мынадай болуы тиіс:

1. адамның қоршаған дүние туралы білімдерін кеңейту және тереңдету;
2. ол білімдерді адам мүддесі үшін табиғатты барынша пайдалануға қолдану;
3. адамды жетілдіруге
4. түпкі мақсат — адамның табиғатқа үстемдігіне пайдалану.

Жаңа Заманғы ағылшын философиясында үлкен із қалдырғандар:

- ❖ **Фр.Бэкон** – философиядағы эмпиристік бағыттың негізін қалаушы;
- ❖ **Томас Гоббс** (мемлекет мәселесін зерттеп, «қоғамдық келісім» теориясын ұсынды);
- ❖ **Дж.Локк** (Т.Гоббс дәстүрін жалғастырып, мәселесін зерттеді).

Фр. Бэкон философиясы

Фр.Бэкон (1561-1626)-
философиядағы
эмпириялық (тәжірибелік)
бағыттың негізін қалаған
ағылшын философы және
саяси қайраткері
(1620-1621)-
Ұлыбритания
лордканцлері, корольдан
кейінгі екінші тұлғасы.



Негізгі еңбектері:

«Ғылымдар табысы»

«Жаңа Органон»

«Жаңа Атлантида»

Фр.Бэконның философиялық кредосын бейнелейтін афоризмі: «Білім-күш».

Фр.Бэкон «танымның басты әдісі индукция болуға тиіс» деген новаторлық идея ұсынды.

Индукция - көптеген жеке құбылыстарды жалпылау негізінде жалпы қорытындылар жасау (мысалы, «түрлі металл түрлері балқитын болса, барлық металдар балқу қасиетіне ие») деп түсіндіреді Фр.Бэкон.

Адамзаттың білімнің барлық салаларында барынша көп тәжірибе жинауы - индукцияның басты кемшілігін (айқынсыздығын, болжамдық сипатын) жою жолы, деп түсінді Бэкон.

«Танымның басты әдісі - индукция» деп анықтап берген философ таным әрекеті іске асатын нақты жолдарды көрсетеді. Олар:

«өрмекші жолы»

«құмырсқа жолы»

«ара жолы»

«**Өрмекші жолы**» - «таза ақылдан» рационалистік жолмен алынатын білім. Бұл жол нақты фактілердің, практикалық тәжірибенің мәнін төмендетеді немесе ескермейді.

«**Құмырсқа жолы**» - тек қана тәжірибеге сүйеніп білім алу жолы немесе догматтық эмпиризм (өмірден қол үзген рационализмге керісінше). Бұл әдіс те біржақты.

«**Ара жолы**» - танымның ең дұрыс жолы. Осы жолды ұстаған зерттеуші философ «өрмекші жолы» мен «құмырсқа жолдарының» жақсы жақтарын алып, олардың кемшіліктерінен арылады. «Ара жолын» ұстана отырып фактілерді жинап, жалпылап (мәселеге «сыртынан» қарап), ақыл мүмкіндігін қолданып мәселенің «ішіне» үңіліп, мәнін түсіну қажет.

Фр.Бэкон таным процесі өтетін жолдарды көрсетіп қана қоймай, адамның (адамзаттың) ақиқат білім алуына кедергі болатын себептерді көрсетіп берді. Ол себептерді Бэкон «елестер» («идолдар») деп атап, төрт түрге бөліп сипаттайды:

- 1. тектік елестер;*
- 2. үнгір елестері;*
- 3. базар елестері;*
- 4. театр елесі;*

— **«Тектік елестер»** - танымның адам (адамзат) мәдениеті «сүзгісінен» өтіп барып іске асатынын, сондықтан таным нәтижесіне әсер етіп, білімнің ақиқаттығын төмендететінін білдіреді.

«Үңгір елесінің» мәні - нақты адамның (танушы субъекттің) тұлғасынын таным процесіне әсері, нәтижесінде адамның бұған дейінгі сенім — нанымдары, қағидалары — таным нәтижесінде көрініс беретіндігі .

Базар - театр елестері - жүре пайда болған адасушылықтар. Базар елестері - тілдегі, ұғымдық аппараттағы сөздерді, анықтамаларды дұрыс қолданбаудан туатын адасушылық.

Театр елестері - таным процесіне сол кезеңдегі таным процесінің әсері. Көп жағдайда ескі философия танымды дұрыс бағыттан кері бұрып, жаңа мүмкіндіктерге кедергі жасайды (мысалы, схоластикалық философияның танымға әсері).

Фр.Бэкон ғылымдар классификациясын жасауға тырысты. Классификация негізі -адам ақылының қасиеттері:

- **Ес**
- **Қиял**
- **пайым (рассудок)**

Еске - тарихи ғылымдар,
қиялға- поэзия,
пайымға - барлық ғылымдардың негізі -
философия сәйкес келеді.

Философияны Бэкон «Құдай, табиғат, адам туралы ғылым» деп тұжырымдады.

Философияның аталған 3 саласын адам түрлі жолдармен, құралдармен таниды:

- **табиғатты** - тікелей сезімдік қабылдау мен тәжірибе арқылы;

- **Құдайды-табиғат** арқылы;

- **өзін** — рефлексия арқылы (ойдың өз-өзіне бағытталуы, ойдың ойды зерттеуі).

□ Әдебиеттер

□ Негізгі:

□ Антология мировой философии В 4-х т.М:Мысль 1969-1972

□ Барулин В.С Социальная философия М: 2000

□ Шопенгауэр А. Афоризмы житейской мудрости.

□ Сенека Луций О счастливой жизни.Римские стойки. М:1970

□ Қосымша:

□ Әбішев Қ. «Философия» Алматы-2001

□ Бегалинова К.К.,Альжанова І.К. «Философия » Алматы-2003

□ Кішібеков Д.К. ,Сыдыков Ұ. «Философия » Алматы-1994

□ Кішібеков Д.К. «Философия » Алматы-1991

□ Мардашвили К.К. «Как я понимаю философию» М- 1990

□ Спиркин А.Г. «Философия»

□ Кохановский Л.В. учебник для Вузов Ростов н-Д:Феникс 1998

□ Нысанбаев Ә,ӘбжановТ «Философияның қысқаша тарихы» Алматы 1999

□ Ж.Алтай,А.Қасабек,Қ.Мұхамбетәлі «Философия тарихы» Алматы 1999

Спиноза философиясы

Бенедикт (Барух)
Спиноза (1632-1677) -
европалық
рационализмнің көрнекті
өкілі, Р.Декарт ілімін
жалғастырушы, Жаңа
Заманғы жетілдірілген,
толық және негізделген
философиялық жүйенің
авторы.



Спинозаның философиялық зерттеулерінің пәні:

1. субстанция мәселесі;
2. таным теориясы;
3. этика сұрақтары, бостандық және қажеттілік мәселелері.

Спинозаның философиядағы маңызды үлесі - болмыс мәні қарастырылатын субстанция теориясын жасауында. Негізіне Декарттың субстанция туралы теориясы алынғанымен, өзі онымен келіскенімен, Спиноза Декарттың теориясының кемшіліктерін жойып, өз жүйесін қалыптастыруға тырысты.

Спиноза Декарттың субстанция туралы теориясының басты кемшілігі - оның дуализмінде деп санады. Ондағы қайшылық - өз тіршілігі үшін өзінен өзгені қажет етпейтін мән болғандарына қарамастан барлық субстанцияларды жаратқан Жалғыз және Ең жоғарғы Ең ақиқат субстанция - Құдай болып, барлық басқа субстанциялар оған тікелей тәуелді болуында.

Бұл қайшылықты Спиноза өзінің біртұтас субстанция туралы ілімінде шешуге тырысты. Спиноза теориясының мәні мынада:

1. жоғарғы субстанция - Құдай мен Ол жаратқан субстанциялар арасында айырмашылық жоқ;
2. барлығын, бүкіл тіршілікті өзі қамтып жатқан бір ғана субстанция бар;
3. ол субстанция Табиғат пен Құдайды қатар қамтиды;
4. Табиғат - Құдай - бір;
5. Табиғаттан тысқары немесе Табиғаттан жоғары тұрған Құдай жоқ;
6. Құдай Табиғаттың ішінде;
7. тек біртұтас Табиғат + Құдай ғана жарата алады;
8. «Жаратушы әлем» біртұтас Табиғат + Құдай - «жаратылған дүниені» - жеке заттарды жасайды;
9. жеке заттар өз бетінше тіршілік етпейді, ол біртұтас субстанцияның - Табиғат + Құдайдың «модустары» - көріністері ғана;
10. модустар тіршілігінің сыртқы көрінісі - біртұтас субстанция (Табиғат + Құдай), модустар Оған бүтіндей тәуелді. Модустар кеңістікте және уақытта козғалады, олардың тіршілігінің басы мен аяғы бар.

Субстанцияның (Табиғат + Құдай) өзінің мынадай қасиеттері бар:

1. тіршілік етеді;
2. дербес, ештеңеге тәуелді емес;
3. өз-өзінің ішкі себебі бар (модустар сияқты сыртқы емес);
4. көптеген қасиеттерге (атрибуттарға) ие, олардың негізгілері (ойлау мен дәйектілік) Декартта жеке модустардың сипаты болса, Спиноза ілімінде бүкіл субстанцияның қасиеті;
5. уақыт пен кеңістікте шексіз;
6. мәңгі (ешкім жасамайды және жойылмайды);
7. қозғалыссыз.



Гносеология мәселелерін зерттей келіп Спиноза танымның үш сатысын жіктейді:

- 1) тікелей адам танымынан бастау алатын және ешбір сыртқы себептерге (сезім, тән, т.б.) тәуелді болмайтын «таза түрдегі таным» - танымның жоғарғы түрі;
- 2) ақиқаттығы төмен, акыл әрекеті нәтижесінде логикалық операциялар қалыптасатын таным;
- 3) қоршаған дүниенің санада бейнеленуі нәтижесінде қалыптасатын таным. Спиноза пікірінше, ол білімдер айқын емес, толық емес, терең емес, дәлелмен негізделмеген. Бірақ олар ақиқат білім алуда үлкен рөл атқарады.

Спиноза этикасының өзекті мәселелері:

- детерминизм (табиғаттағының бәрінің шарттылығы);
- бостандық пен қажеттілік арақатынасы.
Оларды зерттей келіп Спиноза мынадай қорытындылар түйеді:
- субстанцияда бостандық пен қажеттілік тұтасып, бірігеді;
- Құдай (Табиғат) толық бостандыққа ие, бірақ Ол қажеттілік шеңберінде ғана әрекет етеді;
- модустарда (жеке заттарда) еркіндік жоқ және олар қажеттілікке бүтіндей тәуелді;
- адам - модус басқа модустардан ойлауымен ерекшеленеді, демек, бостандыққа ұмтылады. Бірақ ол өзі де модус болғандықтан азат емес және қажеттіліктің құрсауында ғана әрекет етеді;
- жаны азаттықты қалағанымен, адам қажеттілік талабына көніп, қажеттілік ағынымен жүзеді (Спиноза тілінде - «рухани автомат» болып табылады);
- сыртқы қажеттіліктерді - ішкі қажеттілікке айналдыру - бостандыққа апаратын жол;
- бостандық - бұл танылған қажеттілік.

Жоғары дәрежедегі бостандыққа жету үшін Спиноза пікірінпе мынадай шарттар орындалуы қажет:

1. Табиғат - Құдай субстанциясы түріндегі қажеттілікті барынша (максималды) танып білу;
2. аффектілерден (қайғы, қуаныш, әуестену, т.б.) арылу қажет, өйткені олар бостандыққа кедергі жасап, адамды қажеттілік бойынша әрекет етуге мәжбүрлейді.

Спинозанын өмірлік девизі: «Күлмеу, жыламау, қарғамау-түсіну!».»


Т. Гоббс философиясы

Томас Гоббс (1588-1679)

- Бэконның философиялық дәстүрін жалғастырушы шәкірті.

Негізгі еңбектері:

«Азамат туралы бастапқы негіздеме»,
«Левиафан - материя, форма, мемлекеттік, діни және азаматтық билік».



Томас Гоббс:

- теологиялық схоластикалық философияға қарсы шықты;
- философия мақсаты - ғылыми-техникалық прогреске жол ашу, адам әрекетінің практикалық нәтижелеріне қол жеткізу деп түсінді;
- эмпиризмді жақтады, Декарттың рационалистік философиясын сынады;
- нағыз материалист болды;
- қоғам мен мемлекет мәселесін маңызды философиялық мәселе деп санады;
- мемлекет теориясын жасады;
- мемлекет пайда болуының негізінде қоғамдық келісім жатыр деген идеяны алғаш ұсынды.

Гоббстың философиялық зерттеу пәні — гносеология және мемлекет мәселесі. Гоббс адам танымы негізінен сезімдік қабылдау арқылы өтеді деп санады. Сезімдік қабылдау - сезім мүшелерінің (көз, құлақ, т.б.) қоршаған дүниеден сигналдарды қабылдап, өңдеуі.

Ол сипаттарды Т.Гоббс «белгілер» деп атап, былайша жіктейді:

1. **дыбыстар** - жануарлардың өз әрекетін немесе ниетін (білдіретін сигналдар (кұстар «әні», жыртқыштардың ырылы т. б.);
2. **ен салу** - қатынас барысында адам ойлап тапқан белгілер;
3. **табиғи белгілер** — табиғат «сигналдары» (найзағай, бұлт, т.б.);
4. **еркін коммуникативті белгілер** — тілдегі сөздер;
5. **белгілер рөліндегі белгілер** — азшылыққа ғана түсінікті, арнайы шифрланған сөз (ғылыми тіл, діни тіл, жаргон, т.б.);
6. **белгілердің белгісі** - атаулардың атауы - универсалиелер (жалпы ұғымдар).

Дж. Локк философиясы

Дж.Локк (1632-1704) -
Бэкон мен Гоббстың
философиялық идеяларын
дамытып, Жаңа Замандағы
ағылшын философиясының
эмпиристік және
материалистік дәстүрін
жалғастырды.

Негізгі еңбегі:
«Адамның ақыл — ойы
туралы тәжірибе».



Дж.Локк философиясының негізгі қағидалары:

- дүние материалды;
- таным негізінде тек қана тәжірибе жатады («сезімде болмаған нәрсе адам ойында (ақылында) болмайды»);
- адамда «туа біткен идеялардың» болуы мүмкін емес, себебі идеялардың өзі тәжірибе арқылы пайда болады;
- сана - әр адам өз өміріндегі тәжірибемен толтыратын бос бөлме (empty cabinet), тәжірибе жазылатын «таза тақта» (tabula rasa);
- тәжірибе көзі - сыртқы дүние;
- философия мақсаты - адамның өз әрекетінде табысқа жетуіне көмектесу;
- адам идеалы — сабырлы, заңды тындайтын және заңды сыйлайтын, адамгершілікті ұстанатын, өзін жан-жақты жетілдіріп, өз саласында жақсы жетістіктерге жеткен джентльмен;
- мемлекет идеалы - биліктің заң шығарушы, орындаушы және федеративті (сыртқы саяси) болып жіктелген негізде құрылған мемлекет.

Мемлекеттегі билік бөлінісі туралы бірінші айтқан Локк болды.

Г.Лейбниц философиясы

Г.Лейбниц (1646-1716) -
немістің математик-
ғалымы, заңгер, философ -
Жаңа Заман
философиясының соңғы
көрнекті өкілі және неміс
классикалық
философиясының ізашары.

Негізгі еңбектері:
«Монадология», «Адамның
ақыл - ойы туралы жаңа
тәжірибелер».



— Лейбниц философиядағы
рационалистік бағытты жақтады.
Оның философиялық
зерттеулерінің негізгі мәселелері:

- 1. субстанция;**
- 2. таным.**

Лейбниц Декарттың дуализмін қабылдамады:

- 1. бірішіден, барлық субстанциялардың (өз тіршілігі үшін өзінен қажет етпейтін) жоғары субстанция - Құдайға және ол жаратқан өзара тәуелсіз субстанцияларға;**
- 2. екіншіден, жаратылған субстанциялардың дәйекті және рухани (ойлайтын) болып бөлінуі.**

Лейбниц монадологиясының негізгі қағидалары:

- бүкіл дүние көп санды субстанциядан құралған, субстанциялардың табиғаты дуалистік (Декарт пен Спинозада екіұдай) емес;
- ол субстанциялар монадалар деп аталады (грек тілінен аударғанда «бір», «біреу»);
- монада қарапайым, бөлінбейді, дәйекті емес, материалды-заттық құрылым емес;
- монадологияның 4 сапасы бар: ұмтылыс;
әуестену;
қабылдау;
елестету.
- мәні бойынша монада - өз жағдайын үздіксіз өзгертетін, біртұтас әрекет.
- өзінің үздіксіздігіне байланысты монада өзін-өзі сезінеді;
- монадалар абсолютті тұйық және бір-біріне тәуелсіз (Лейбниц пікірінше: бір нәрсе кіретін, бір нәрсе шығатын терезелері жоқ).

Барлық монадаларды Лейбниц 4 топқа жіктейді:

- 1. «жалаңаш монадалар»** - неорганикалық табиғат монадалары (тастар, жер, пайдалы қазбалар);
- 2. жануарлар монадалары** - түйсікке және жетілмеген өзіндік санаға ие;
- 3. адам (жан) монадалары** - санаға, еске, ойлау қабілетіне ие;
- 4. жоғарғы монада** —Құдай.

Монада класы жоғары болған сайын оның пайымдылығы мен бостандық деңгейі де жоғары.

Неміс классикалық философиясы

Неміс классикалық философиясы ХУІІІғ. соңы мен ХІХғ. бірінші жартысында кең тарады. Оның негізін сол заманның 5 көрнекті неміс философтарының шығармашылығы құрады:

Иммануил Кант (1724-1804);

Иоганн Фихте (1762-1814);

Фридрих Шеллинг (1775-1854);

Георг Гегель (1770-1831);

Людвиг Фейербах (1804-1872).

Неміс классикалық философиясында 3 басты философиялық бағыт бар:

- 1. объективті идеализм (Кант, Шеллинг, Гегель);**
- 2. субъективті идеализм (Фихте);**
- 3. материализм (Фейербах).**

Иммануил Кант философиясы

Неміс классикалық философиясының негізін қалаушы **Иммануил Кант (1724-1804)** - Кенигсберг университетінің профессоры, неміс (прус) философы болды.



Иммануил Кант:

1. Күн жүйесі табиғи себептерге байланысты Ньютон заңдары негізінде - космостағы материя бөлшектерінің қозғалысы мен әрекеттесуі (тартылыс, итеріліс) нәтижесінде пайда болғандығы туралы болжамды тұжырымды (ғылымда бұл жаңалық «Кант — Лаплас гипотезасы» деп аталды);

2. адамның танымдық қасиетінің шекарасы және қоршаған дүниенің ішкі мәнін тану мүмкін еместігі (өзіндік зат) туралы теорияны негіздеді;

3. категориялар туралы ілімді негіздеді — философия қолданатын барынша жалпы ұғымдарды тұжырымдады;

4. моральдық заңды («категориялық императиві») негіздеді;

5. соғыс жүргізудің нәтижесіздігі және оған құқықтық тиым салуға негізделген болашақтық «мәңгі бейбітшілік» идеясын ұсынды.

И.Кант шығармашылығын 2 кезеңге бөліп қарастыру қабылданған:

1. сынға дейінгі (XVIII ғасырдың 70 жылдарына дейін);

2. сыни («критический»)- (XVIII ғасырдың 70 жылдарынан - 1804 жылға дейін).

1.«Сынға дейінгі» кезеңде И.Канттың философиялық қызығушылығы - жаратылыс пен табиғат мәселесіне бағытталды.

2.«сыни» кезең өз атауын Канттың осы кезең ішінде жарық көрген философиялық еңбектерінде (барлығы 3) қайталанатын «сын» сөзіне байланысты алады. Олар:

«Таза ақылға сын»;

«Практикалық ақылға сын»;

«Пайымдау қабілетіне сын».

Канттың екінші, «сыни» кезеңінің философиялық зерттеулері негізінде таным мәселесі жатыр.

Кант өзінің «Таза ақылға сын» кітабында агностицизмді (қоршаған дүниені тану мүмкін еместігін) жақтайды.

Кант - танымдағы қиыншылықтардың себебі -(айналадағы шын дүние) - объектіде емес, керісінше, таным субъектісінде - адамда, оның ақылында деп түсінді.

«Адам ақылының танымдық мүмкіндіктері (қабілеттері) шектеулі (яғни ақыл бәрін тануы мүмкін емес»).

Адам ақылы өзінің танымдық мүмкіндіктері шеңберінен шыққан бойда шешілмес қайшылықтарға тап болады.

Кант ондай шешілмес қайшылықтарды **антиномиялар** деп атаған, ондай қайшылықтар саны 4:

I-антиномия - кеңістіктің шектеулілігі.

Дүниенің уақыт ішінде бастамасы, басталу уақыты бар және (ол) кеңістікте шектеулі.

Дүниенің басталу уақыты жоқ және (ол) шексіз.

II-антиномия - қарапайым және күрделі.

Тек қарапайым элементтер және қарапайым элементтерден құралғандар ғана тіршілік етеді.

Дүниеде қарапайым нәрсе жоқ.

III- антиномия - бостандық пен себептілік.

Табиғат заңдары бойынша себептілік қана емес, бостандық та бар.

Бостандық деген жоқ, дүниенің бәрі қатаң себептілік күшімен іске асады.

IV- антиномия - Құдайдың болуы.

к
Құдай бар. Ол бүкіл тіршіліктің себебі және сөзсіз қажет нәрсе.

Құдай жоқ.

Тіршілік себебі, абсолютті - қажетті нәрсе жоқ

Сонымен қоса Кант таным әрекетінің нәтижесі ретінде білімді жіктеп, 3-ке бөледі:

- 1. апостериорлық білім;**
- 2. априорлық білім:**
- 3. «өзіндік зат»**

Апостериорлық білім - адамның тәжірибе нәтижесінде алатын білімі. Бұл білім түрі айқын емес, болжамдық сипатта. Сондықтан оның іс жүзінде (практикада) тексеріп отыру қажет, өйткені мұндай білім әрдайым шын бола бермейді. Мысалы, барлық металдардың балқитынын адам өз тәжірибесінен біледі, бірақ теория жүзінде балқымайтын металдар болуы мүмкін. Немесе «барлық аққулар – ақ» болғанымен, кейде табиғатта қара аққулар кездесуі де мүмкін. Демек, тәжірибелік (эмпириялық, апостериорлық) білім түгелдей шын емес, және сондықтан жалпы бола алмайды.

— **Априорлық білім** («приори» - тәжірибе; «а»- дейін) - тәжірибеге дейінгі, ақылда бастапқыдан бар, дәлелді қажет етпейтін білім. Мысалы «Адам өмірі уақыт ішінде жалғасады», «Барлық денелердің салмағы бар». Айтылып отырған қағидалардың кез-келгені тәжірибе арқылы тексергенде де, тексерусіз де айқын, **шын**.

Өйткені көлемсіз немесе салмақсыз дене, уақытта тіршілік етпейтін адам өмірі болуы мүмкін емес.

Сондықтан априорлық(тәжірибеге дейінгі) білім ғана абсолютті айқын әрі сенімді, қажетті және жалпы сапаға ие.

«Өзіндік зат» - Канттың бүкіл философиясындағы орталық ұғымдардың бірі.

«Өзіндік зат» - нәрсенің ішкі, ақыл ешқашан тани алмайтын мәні. Кант таным процесін мынадай схема түрінде бейнелейді:

- бастапқыда сыртқы дүние адам танымына әсер етеді («аффициацияланады»);
- адамның сезім мүшелері аффициацияланған сыртқы дүние бейнелерін қабылдайды;
- сананың сезім мүшелері арқылы алынған бейнелері, сезімдері жүйеге келтірудің нәтижесінде адам ақылында қоршаған дүниенің тұтас картинасы пайда болады;
- сезімдер арқылы қалыптасатын тұтас бейненің шын дүниемен ортақ ештеңесі жоқ, ол - сыртқы дүниенің ақыл-сезімге керінген елесі ғана;
- ақыл мен сезім мәнін емес, елесін ғана қабылдайтын реалды дүние «өзіндік зат» болып табылады және ешбір танылмайды;
- адам ақылы қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың — «өзіндік заттардың» бейнелерін ғана қабылдай алады.

Осылайша, дүниені тану процесінде ақыл екі кедергіге тап болады:

1. шешілмес ішкі қайшылықтар - антиномиялар тудыратын ақылдың өзіндік ішкі кедергісі;

2. сыртқы кедергі - «өзіндік заттың» танылмайтын ішкі мәні.

Қоршаған дүниенің - «өзіндік заттардың» бейнелерін қабылдайтын адам санасы.

**Кант пікірінше, адам санасы мынадай
құрылымнан тұрады:**

1. сезімдік формалар;
2. пайымдау формалары;
3. ақыл формалары.

Сезім - сананың бірінші деңгейі. Сезімдік формаларға уақыт пен кеңістік жатады. Сезімдер арқылы алынған мәліметті сана уақыт пен кеңістікте қабылдап, жүйелейді.

Пайымдау – сананың екінші деңгейі. Пайымдау формалары - категориялар -солар арқылы «координата жүйесінде» - кеңістік пен уақытта орналастырылған бастапқы сезімдерді жүйелеу ары қарай жалғасатын барынша жалпы ұғымдар сан, сапа, мүмкіндік, мүмкін еместік, қажеттілік, т.б.).

Ақыл – сананың жоғарғы деңгейі. Ақыл формаларына аяқталған жоғары идеялар жатады. Мысалы: Құдай идеясы; жан идеясы; дүние мәні идеясы; т.б.

«Практикалық ақылға сын» еңбегінде қарастырылатын басты сұрақтар:

1. Мораль қандай болу керек?
2. Адамның моральдық (адамгершілік) тәртібі деген не?

Осы сұрақтар бойынша Кант ұсынатын тұжырымдар:

1. таза адамгершілік бүкіл адамзат мойындайтын, әрбір адам өзінікі ретінде қабылдайтын, ізгілік - қоғамдық сана;
2. таза адамгершілік пен шын өмір (әрекеттер, мүдделер, ниеттер, т.б.) арасында терең қайшылықтар бар;
3. таза адамгершілікке жақын болу үшін адам тәртібі сыртқы жағдайлардан тәуелсіз болып, тек кана моральдық заңға бағынуы тиіс.

— Кант «категориялық императив» деп атап, ұсынатын моралдық заң («Поступай так, чтобы максима твоего поступка могла быть принципом всеобщего законодательства») (категориялық императив) қазіргі кезде былай түсініледі:

1. адам өзінің әрекеттері басқаларға үлгі болатындай тәртіп ұстануы тиіс;


2. адам басқа адамға құрал ретінде емес, мақсат ретінде (өзі сияқты ой-санасы, мақсат-ниеті бар бірегей тұлға деп) қарауы қажет.

И. Канттың саяси-әлеуметтік көзқарастары:

- адам бастапқыдан залым болып жаратылған;
- моральдық тәрбие және моральдық заңды (категориялық императивті) қатаң сақтау-жаманшылықтан, залым табиғаттан арылудың жолы;
- әрбір жеке қоғамдағы және мемлекеттер мен халықтар арасындағы демократияны және құқықтық тәртіпті жақтады;
- соғысты ауыр қылмыс және адамзат адасушылығы деп айыптады;
- келешекте «жоғарыда бейбітшілік» заманы туады
- соғыстарға құқықтық жолмен тиым салынады немесе соғыс экономикалық тұрғыдан пайдасыз шығын болады.

Гегель философиясы

**Георг Вильгельм
Фридрих Гегель
(1770-1831)** - алдымен
Гейдельберг, содан соң
Берлин университетінің
профессоры,
Германияның ғана емес,
Европаның беделді
философы, неміс
классикалық
философиясының көрнекті
өкілі.



Гегельдің философиядағы басты үлесі мынада:

1. объективті идеализм теориясы (негізгі ұғымы Абсолютті идея, Әлемдік рух);
2. диалектика - жалпы философиялық әдіс ретінде;

Гегельдің басты философиялық еңбектері: «Рух феноменологиясы», «Логика ғылымы», «Құқық философиясы».

Гегельдің онтологиядағы (болмыс туралы ілім) басты идеясы - болмыс пен ойлауды теңестіруі, Теңестіру нәтижесінде Гегель ерекше философиялық ұғым - Абсолютті идеяны негіздеді.

Абсолютті идея, бұл:

1. тіршілікте бар жалғыз шын реалдылық;
2. қоршаған дүние, оның заттары мен құбылыстарының алғашқы себебі:
3. өзіндік санасы мен жарату қабілеті бар Әлемдік рух.

Гегель онтологиясындағы келесі өзекті ұғым - жаттану. Абсолютті рух өзінен-өзі мына түрлерде жаттанады:

1. қоршаған дүние;
2. табиғат;
3. адам;
4. адам әрекеті мен ойлауы арқылы жаттанған абсолютті рух өзіне-өзі қайтып оралады. Яғни, Абсолютті рухтың айналысы:

Әлемдік (Абсолютті) рух — жаттану —> қоршаған дүние және адам —▶ адам әрекеті мен ойлауы —> рухтың адам әрекеті мен ойлауы арқылы өзін-өзі іске асыруы — Абсолютті рухтың өз-өзіне қайта оралуы.


Гегельдің философиялық жүйесі




Бірінші триада (I)




Екінші триада (II)




Үшінші триада (II)



«Сапа» триадасы



«Болмыс» триадасы



Жаттану ұғымына мыналар кіреді:

1. материяның ауадан жаралуы;
2. объективті (қоршаған дүние) мен субъективті (адам) арасындағы күрделі қатынас -адам әрекеті арқылы Әлемдік рух өзін-өзі жаттандырады;
3. адамның қоршаған дүниені бұрыс қабылдауы

Гегель онтологиясында адам үлкен рөл атқарады. Адам - абсолютті идеяны таратушы. Әр адамның санасы - Әлемдік рухтың бөлшегі. Тек қана адамда абстрактылы және бейтұлғалық Әлемдік рух ерікке, тұлғаға, мінезге, индивидуалдыққа ие болады. Сондықтан, адам - Әлемдік рухтың «соңғы рухы».

Адам арқылы Әлемдік рух:

1. өзін сөз, тіл, қол қимылдары арқылы көрсетеді;
2. заңдылықтар негізінде максатты түрде қозғалады (адам әрекеті, тарих барысында);
3. адамның танымдық әрекеті арқылы өзін таниды;
4. адам жасаған, жасайтын материалдық және рухани мәдениет түрінде өзін жасайды.

Гегельдің философияға қосқан тарихи үлесі — оның алғаш болып диалектика ұғымын ашық негіздеуінде. Диалектика, Гегель пікірінше, Әлемдік рух пен ол жаратқан дүниенің тіршілік етуі мен дамуының негізгі заңы.

Рух, Гегель пікірінше, 3 түрлі:

1. **субъективті рух;**
2. **объективті рух;**
3. **абсолютті рух,**

Субъективті рух - әрбір адамның санасы, жаны («өзіндік рух»);

Объективті рух - рухтың екінші сатысы, тұтас алғанда «қоғам рухы».

Объективті рухтың көрініс беретін саласы құқық - жоғарыдан берілген, (бостандық идеясы адаммен бірге жаратылатындықтан, бастапқыда идея түрінде тіршілік еткен), адамдар арасындағы қатынастардың реті. Құқық - бостандық идеясының жүзеге асқан түрі.

Объективті рухтың құқықтан басқа көрініс беретін салалары: адамгершілік, азаматтық қоғам, мемлекет

Абсолютті рух - мәңгі шын ақиқат, рухтың ең жоғарғы көрінісі. Абсолютты рухтың көрініс беретін салалары:

өнер, дін, философия

Өнер - адамның абсолютті идеяны тікелей бейнелеуі. Гегель пікірінше, адамдар арасында абсолютті идеяны көре және бейнелей алу - тек талантты, ұлы адамдардың қолынан келеді және сонысымен олар өнерді жасаушыларға айналады.

Дін - өнердің антитезисі. Егер өнер - ұлы адамдар «көре», «бейнелей» алған абсолютті идея болса, дін - Кұдайдың адамға ашқан абсолютті идеясы.

Философия - өнер мен діннің синтезі, абсолютті идеяны түсіну мен дамудың жоғарғы сатысы. Философия - Кұдай берген және Ұлы адамдар-философтар ұғына алған білім. Философия - барлық ақиқаттың толық ашылуы, Абсолютті рухтың өзін-өзі тануы, абсолютті идеяның басы мен аяғының бірігуі, жоғары білім.

- Гегель пікірінше, философ өз пәні ретінде:
- табиғат философиясын;
 - антропологияны;
 - психологияны;
 - логиканы;
 - мемлекет философиясын;
 - азаматтық қоғам философиясын;
 - құқық философиясын;
 - тарих философиясын;
 - диалектика - ең жалпы заңдар мен қағидалардың ақиқаты ретінде қарастыруы тиіс.

Иоганн Фихте философиясы

Субъективті идеализмге айрықша үлес қосқан философ - неміс классикалық философиясының өкілі, Берлин университетінің профессоры **Иоганн Готлиб Фихте (1762-1814)** болды. Фихте философиясында адам үшін жалғыз және басты реалдылық - адамның өзі, оның санасы мен-концепциясы») болып табылады.



Фихте өз философиясының өзекгі ұғымы «Мен - концепцияны» тұжырымдады. «Мен - концепцияны» негіздеуге итермелеген себеп - Кант философиясындағы қайшылықтар. Кант философиясындағы басты қайшылық – оның философиялық жүйесін танушы субъект (адам) пен танылмайтын дүние («өзіндік зат») болып 2-ге бөлінуі деп санады Фихте.

Фихтенің «Мені» - қоршаған дүниемен күрделі қатынаста. Ол қатынасты Фихте «тезис - антитезис - синтез» диалектикалық схема бойынша былай сипаттайды:

1. Абсолютті мен деп өзін түсінеді («Мен» дегеніміз - мен);
2. Абсолютті «Мен» - «Мен- еместі» - сыртқы, шын дүниені (антитезисті) жасайды;
3. Абсолютті «Мен» (жоғарғы субстанцияның орны) ішінде «Мен» (белсенді бастама, субъект, адам санасы) және «Мен - емес» (пассивті бастама - қоршаған дүние) екеуі өзара әрекеттеседі.

«Абсолютгі Мен» - субъективті рух ішіндегі «Мен» (адам) және «Мен-емес» қоршаған дүниенің өзара әрекеттесу процесі былай жүреді:

1. **практикалық** (әрекеттесудің негізгі түрі): «Мен-емеске» қарай бағытталған қозғалыс - «Мен» - «Мен-еместі» жаратады, анықтайды;

2. **теориялық** (өзара әрекеттесудің сирек болатын, эмпириялық, екінші түрі}: «Мен-еместен» «Менге» бағытталған қозғалыс — қоршаған дүниедегі тәжірибе, акпараттың «Менге» - нақты санаға берілуі.

Иоганн Фихте философиясы грек софистикасынан, антикалық скептицизмнен бастау алып, Юм, Беркли философиясында көрініс тауып, Кант философиясында өз дамуының жоғарғы шегіне жеткен субъективті идеализмді аяқтады.

Жоғары субстанция



Фихте философиясында қарастырылатын келесі сұрақ - бостандық мәселесі. Фихте пікірінше, бостандық - жалпы қажеттілікке өз еркімен бағыну. Адамзат тарихы - бостандықтың таралу, орнығу процесі. Жалпы бостандықтың негізі: - баршаның жеке меншікке ие болуы.

Өмірінің соңында Фихте ұшқары субъективті идеализм позициясынан шектеулі объективті идеализмге ойысты: адам санасынан тыс объективті реалдылықты - жоғары рухты мойындай бастады.

Шеллинг философиясы

**Фридрих Вильгельм
Йозеф Шеллинг**
(1775-1854) - бастапқыда
Гегельдің досы, кейін
келе оппонентіне
айналған неміс
классикалық
философиясындағы
объективті идеализм
бағытының көрнекті
өкілі.

XIX ғасырдың
басындағы Германияның
философиялық әлемінде
Гегельге дейін үлкен
беделге айналған ойшыл.



Шеллинг философиясының басты мақсаты - «абсолютті», яғни болмыс пен ойлаудың бастауын ұғыну және түсіндіру.

Өз дамуында Шеллинг философиясы 3 негізгі кезеңнен өтті:

1. натурфилософия;
2. практикалық философия;
3. иррационализм

Шеллингтің табиғат философиясының мәні:

1. табиғат дегеніміз «абсолют» - бәрін қамтып, өз бойына ендіріп, қамтып жататын дүниенің бастауы әрі бастапқы себебі;

2. табиғат- объективті мен субъективтінің бірлігі, мәңгі ақыл;

3. материя мен рух - бір, олар табиғаттың қасиеттері, мәңгі абсолютті ақылдың түрлі күйлері;

4. табиғат жанды, тұтас организм (тірі және өлі табиғат, материя, электр, жарық, өріс, т.б. - барлығы бір);

5. табиғаттағы полярлылық – оның қозғаушы күші (ішкі қарама - қарсылықтар және олардың өзара әректесу процесі - мысалы, магнит өрістері, электрдің плюс, минус зарядтары, объективті мен субъективті, т.б.)- Шеллингтің практикалық философиясында тарих барысы, оның саяси-әлеуметтік сипаты, т.б. сұрақтар карастырылады.

Барабарлық философия

Натурфилософия

Табиғат →
Рух (Объект)
(субъект)

Трансценденталды философия

← Табиғат
Рух
(Объект)
(Субъект)

Барабарлық философия



Шеллинг пікірінше, адамзаттың басты мәселесі және философиясының негізгі пәні — бостандық мәселесі. Бостандыққа, еркіндікке ұмтылыс - адам жаратылысынан бірге берілген және тарихи процестің басты максаты болып табылады. Бостандық идеясын іске толық асырғанда адамдар «екінші табиғатты» - құқықтық құрылымды жасайды. Одан әрі құқықтық құрылым мемлекеттен мемлекетке таралуы нәтижесінде бүкіл адамзат бүкіл әлемдік құқықтық құрылымға және бүкіләлемдік құқықтық мемлекеттер федерациясына айналуға тиіс.


**1. Абсолютті және
шексіз
барабарлық**

**ҚҰДАЙ
НЕМЕСЕ
АБСОЛЮ**



**2. Әрбір-бәрінің құрамында
болғанымен, жеке идеялардың
бөлінуі**

**ҚҰДАЙ
НЕМЕСЕ
АБСОЛ**



**3. Объектілер жеке, дербес
тіршілік ететін сияқты, бірақ олар
біздің эмпирикалық санамызға
солай көрінеді**

**ТАБИҒ
АТ**



Людвиг Фейербах философиясы

Людвиг Фейербах (1804-1872) - неміс классикалық философиясындағы материалистік бағыттың өкілі. Фейербах идеализмді сынға алды және дүниенің тұтас материалистік картинасын тұжырымдады. Өз философиясында Фейербах атеистік позицияны ұстанды.



Людвиг Фейербах философиясы - неміс классикалық философиясының соңы.

Л.Фейербах философиясы - неміс классикалық философиясының соңы және материализмге өтудің басы.

Людвиг Фейербах философиясы өкілдері Кант, Гегель Шеллинг және Фихте болған неміс классикалық философиясының аяқталу кезеңі, ал неміс және әлемдік философиядағы материалистік дәуірдің бастамасы болды.

Фейербах философиясының басты бағыты - неміс классикалық идеализмін сынау және материализмді негіздеу болды.

Оның жалпы сипаты:

- атеизм — көпғасырлық діни ықпаддан толық босану, ажырау;
- Құдай мен дін табиғатыш материалистік тұрғыдан түсіндіруге талпыныс;
- қоршаған дүние мен адам мәселелерін ғылым жетістіктеріне оүйене отырғыш түсіндіру;
- саяси-әлеуметтік сұрақтарға қызығушылық;
- қоршаған дүниенің танылатындығына сенім;

Фейербах өз философиясының алғашқы кезеңінде идеалистік философияны, әсіресе Гегель философиясын қатты сынға алады:

- ❖ болмыс пен ойлаудың тендігі идеясын сынады;
- ❖ материалды дүниенің бастапқы себебі және дербес субстанция — абсолютті идеяның болуын мойындады;
- ❖ жаттанудың, абсолютті идеяның материалды дүниеге айналуының мүмкін еместігін логикалық тұрғыдан дәлелдеді (қоршаған дүниені көруге, сезінуге болады, ал абсолютті идея - Гегельдің ойдан шығарғаны);
- ❖ философия мен діннің ынтымағын, бірлігін мойындамады;
- ❖ диалектиканы терістеді (Фейербахтың қателігі)

Фейербах:

- атеистік позицияны ұстанады;
- Құдай мәселесін антропологиямен тығыз байланыста қарастырады.

Фейербахтың саяси-әлеуметтік көзқарастарының мәні:

- адам - ерік, еркіндік, ақыл, сезім, тілектері бар ерекше биологиялық тіршілік иесі;
- адамның өзінің «Менін» іске толық асыра алуы - «Сенмен» (басқа адамдармен) қатынасына байланысты. Өйткені адам қоғамда өмір сүреді;
- дін - қоғамдағы адамдар арасындағы байланыс негізі болуы тиіс;
- ондай дін - ойдан шығарылған күдірет - Құдайға деген сенімге емес, басқа қағидаларға сүйенуі тиіс;
- дәстүрлі діндерді (христиандық, мұсылмандық, т.б.) ысырып тастап, адам табиғатына сәйкес келетін сүйіспеншілік дінімен алмастыру қажет (адамның адамға махаббаты, жанұядағы махаббат);
- бақытқа ұмтылу - адам өмірінің мағынасына айналуы тиіс.

Әдебиеттер

Негізгі:

-
1. Антология мировой философии В-4-хт. М. Мысив, 1969-1972
 2. Гегель Г.В. Ф. Энциклопедия философских наук. М., 1987 Т.1
 3. Кант И. Сочинения. Т.6, М., 1966
 4. Фейербах Л. Избранные философские произведения. М., 1955 Т.2

Қосымша:

1. Абдильдин Ж:М. Сочинения в 5 – ти томах. А., 2000-2001
2. Алтай Ж., Қасабек А., МұхамбетӘли Қ. Философия тарихы. Алматы, 1999
3. Нысанбаев А., Әбжанов Т. Философияның Қысқаша тарихы. Алматы, 2004
4. Мырзалы С. «Философия» Алматы, 2009
5. Тұрғынбаев А.Х. Философия, Алматы, 2004